

**«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы қамқоршылық кеңес отырысы
ХАТТАМА №2**

Өтілген күні: 13.01.2025 жыл

Қатысқандар: 12 адам

Комиссия мүшелері: Авганова Айнура
Таумуратова Мухаббат
Асылбаева Н
Шахиудинов Адилбек Омарқожаұлы
Ақберген Ақерке Бақдәулетқызы
Сарыбас Салтанат
Овезов Атамұрат Есенұлы
Жарасқызы Іңкәр

Шақырылды: Балабақша басшысы – М.Е.Овезова
Балабақша есепшісі – Ж.Е.Орынбасарова
Балабақша медбикесі – М.Б.Бультекова
Балабақша әдіскері – Р.С.Изтурганова

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау.
2. Балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу.

Тыңдалды:

1-мәселе:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша М.Б.Бультекова сөз алды. Медбике балабақшадағы тамақтану ұйымдастырылуының жай-күйі туралы баяндады. Ол атап өтті:

Ас мәзірі апталық және айлық жоспарларға сәйкес құрастырылған, дәрумендер мен микроэлементтер бойынша теңгерім сақталады.

Тағам сапасын бақылау күнделікті жүргізіледі: температура режимі, тағамның сыртқы түрі, иісі, сақтау мерзімі тексеріледі.

Ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады: жылдық тазалау кестесі бар, жабдықтар мен ыдыстарды дезинфекциялау жүйелі түрде жүргізіледі.

Балаларға арналған тағамдар арнайы аспаздармен дайындалады, тамақтану режимі жас ерекшеліктеріне сай, уақытында өткізіледі.

Тексеру барысында балалардың тамақтану сапасы талаптарға сай анықталды. Тамақ өнімдерінің сапасы, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Күнделікті мәзірдің

перспективалық мәзірге сәйкес болуы, тамақтану аралықтарының және топтар бойынша тамақтану кестесінің сақталуы анықталды. Қоймада тамақпен байланысты емес тауарлар сақталмайды. Тоңазытқыш жабдықтарының термометрлерінің таңбалары бар, санитарлық талапқа сай. Тоңазытқышта тыйым салынған тағамдар мен өнімдер жоқ.

Тыңдалды: 2-мәселе: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі М.Б.Бультекова балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады:

Күн сайын таңертеңгі сүзгі жүргізіледі: дене қызуы өлшенеді, жалпы жағдайы тексеріледі. Ауру белгілері бар балалар уақытша оқшауланып, ата-анасына хабарланады.

Санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталады: топ бөлмелері күн сайын желдетіледі, ылғалды тазалау жүргізіледі, ойыншықтар дезинфекцияланады, төсек жабдықтары уақытылы ауыстырылады.

Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары жүргізіледі: таңертеңгі жаттығулар, қимылды ойындар, таза ауадағы серуендер, су және ауа процедуралары.

Жұқпалы аурулар анықталған жағдайда карантиндік шаралар енгізіледі, байланыста болған балалар бақылауға алынады.

Ата-аналарға аурулардың алдын алу және балаларды шынықтыру жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз пікірлерін білдірді:

Авганова А.: Балаларға ұсынылатын тамақ мәзірі әртүрлі және дәрумендерге бай. Тағамның сапасы мен дәмі жақсы. Асхананың тазалығы сақталған. Балалар арасында инфекциялық аурулардың алдын алу үшін қажетті санитарлық-гигиеналық шаралар күнделікті жүргізіледі. Қол жуу, бөлме желдету және ойын алаңдарын дезинфекциялау қатаң бақыланады.

Таумуратова Мухаббат.: «Балалардың тамақтану тәртібі ұйымдастырылған, тәрбиешілер балалардың жеке тамаққа деген талғамына көңіл бөледі. Жыл сайынғы тағам сапасын тексерулердің нәтижелері жақсы.»

Сарыбас С: «Сауықтыру шаралары тиімді: гимнастикалық жаттығулар, таза ауада серуендеу, витаминдік қабылдаулар. Балалар арасында науқастанудың алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізіледі, тәрбиешілер профилактикалық жұмыстарға белсенді қатысады. Балаларға арналған профилактикалық іс-шаралардың жоспары нақты бекітілген.»

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Балабақшада балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау қанағаттанарлық деп бағаланып, медбике тарапынан тұрақты бақылау жұмыстары жалғасын тапсын.
2. Балабақшада науқастанудың алдын алу мен сауықтыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:



Асылбаева Н
Изтурганова Р